

Құқық бұзушылық пен оқушылардың зиянды әдеттерінің алдын алу

Мақсаты: Жасөспірімдердің өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, өз мүмкіндіктерін анықтап, қоғаммен және өзара қарым-қатынасындағы жарасымды мінез ерекшеліктері мен сенімді мінез-құлықтарын қалыптастыру.

«Соңғы қадам» бейне фильм (3минут

Жасөспірімнің күйзеліске душар болып жүргенін мынандай әрекеттерден де анық аңғаруға болады:

Баланың мінез-құлқы өзгереді, тұйық бола бастайды, әңгімеден қашады, өте енжар, селқостық байқалады.

Мектепке бармаудың барлық амал-шарасын ойлап табады: «басым, ішім ауырып тұр, құсқым келеді» деген сияқты сылтауларды көбейеді.

Мектепте болған жағдайлардан бас тартады, сабаққа барғысы келмей, әдейі ұйықтап қалады.

Әдеттегіден гөрі ақшаны жиі сұрай бастайды, сылтауы көбейеді, тіпті ата-анасының қалтасына түседі. Демек, ол қаржыны мектепте «мазасын алып жатқандарға» тасиды.

Кейбіреулері тіпті тұйықталып кетеді, ешкіммен сөйлеспейді, ал екіншілері өте ашуланшақ бола бастайды.

Оқу үлгерімі нашарлайды, зейінсіз болады.

«Өміріңнің бақытты сәттері» жаттығуы.

Мақсаты: Өткенді еске алғыза отырып, бойларындағы жағымды эмоцияларды сезіндіру, өздерін сергек сезінуге жағдай жасау.

Психолог:

— Осы уақытқа дейін, яғни өткен шақта өздеріңді өте жақсы сезінген, не өздеріңді сол сәтте бақытты сезінген 2 не 3 сәтті есімізге түсіруге тырысып көрейікші. Бұл оқиға қандай оқиғалармен, не жағдайлармен байланысты екенін есіңе түсіріп, сол жағдай туралы қысқаша жазыңдар.

Талдау:

-Осы оқиғаларды еске түсіру барысында қандай сезімге бөлендіңдер?

-Жағымды әсер алдыңдар ма?

Қорытынды: Жаттығу барысында бақытты сәттерінің символдары ретінде кілтті ұғымдар айқындалады. Оның бүгінгі күнгі іс-әрекет, көңіл-күйі қарым-қатынас барысында жағымды қалып қалыптастыруда үлкен маңызы бар.

«Өз-өзіңе мақтау сөз» жаттығуы.

Мақсаты: Өз-өзіне деген сенімділіктерін нығайту.

Нұсқау: Оқытушыларға өз есімдерін жазбай, алдарындағы бетке «Мен» деп басталатын өз-өздерін мақтайтын сөздер жазу ұсынылады. Жазып болған соң оны умаждап, қорапқа салу ұсынылады. Қорапқа жиналған қағаздарды араластырып, әркім бір қағаздан алып, онда не жазылғанын оқып беру.

Талдау: Жаттығу ұнады ма?

«Сағат бойынша достар» жаттығуы.

Мақсаты: оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, топ ішінде жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Нұсқау: Қазір әрқайсыларыңа жауап парақтары таратылады. Онда сағаттың суреті бейнеленген. Сендер осы әр сағат нөмірінің есімдерін жазып шығындар.

Әр нөмірге жазылған оқушымен келесі нұсқауларды орындаңдар.

1 Күлімсіреңіз

2 Қолын қысыңыз

3 Арқасынан қағыңыз

4 Комплимент айтыңыз

5 Қол бұлғаңыз

6 Көзіңізді қысыңыз

7 Қол ұстасып 3 рет секіріңіз

8 Бір тілек айтыңыз

9 Послать воздушный поцелуй

10 Массаж жасаңыз

11 Арқаларыңды сүйкендер.

12 Құшақтаңыз.

Сергіту сәті.

Тест: «Сіз уайымға бейімділігіңіз»

«Біздің топтың жүрегі» жаттығуы.

Мақсаты: жанашырлық сезімін, сенімділігін дамыту, топ ынтымақтастығын жетілдіру.

Нұсқау: Ватман қағазынан үлкен жүректі қайшымен қиып, қабырғаға жабыстырыңыз. Осыдан кейін әрбіреуіңіз түсті қағаздан кішкентай жүректі қиып, оған топқа арналған тілегін жазады. Осы қабырғаға жапсырылған ақ жүректе өмір жоқ, бірақ қазір әрбіреуің бұл жүрекке өздеріңнің жылы лебіздерің жазылған кішкентай жүректі жапсырып, үлкен жүрекке өмір беріп, тірілтеміз. Бұл топтың жүрегі болады .

Рефлексия:

Тренингтен алған әсерлермен бөлісіңіз?

Қандай әсер алдыңыз?